

- направлять учеников в направлении самостоятельного размышления;
- проводить опросы для учеников в направлении, которое поможет им развить свои мыслительные навыки и навыки рассуждения;
- напоминать ученикам об использовании их мыслительных и исследовательских навыков;
- проводить индивидуализированное обучение с учениками;
- придумывать и организовывать проекты, которые позволяют ученикам добиться успеха в самостоятельной работе.

Список литературы:

1. Цукерман Г.А. Взаимодействие ребенка и взрослого, творящее зону ближайшего развития // Культурно-историческая психология. 2006. № 4. Р. 61 – 73.
2. Выготский Л.С. Динамика умственного развития ребенка в связи с обучением // Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991.
3. Программа повышения квалификации учителей начальных классов школ с русским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. РУКОВОДСТВО ДЛЯ УЧИТЕЛЯ. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015
4. Руководство для учителя по программе повышения квалификации учителей начальных классов школ с русским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. РУКОВОДСТВО ДЛЯ УЧИТЕЛЯ. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015

Жаныбекова Жибек Казиевна,
№ 2 Ұзынкөл орта мектебінің
сертификатталған екінші деңгейлі
жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі

СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ –ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯСЫ

АННОТАЦИЯ

Бастауыш сынып оқушылары өз түсініктерін жазбаша түрде баяндай алмауы мүмкін, бірақ мұғаліммен немесе бір-бірімен пікірталас барысында үдерісті түсінуге құлшыныс танытуы ықтимал.

Түйінді сөздер: *пікірталас, түсінушілік, дайындығы, бірсарындылық, құлшыныс*

АННОТАЦИЯ

Младшие школьники могут оказаться неспособными к письменному фиксации своего понимания, но проявят готовность к пониманию в процессе дискуссии с учителем или друг с другом.

Ключевые слова: *дискуссия, понимание, готовность, неспособность, фиксирование*

ABSTRACT

Young children may not be able to record their understanding in writing but may do so in discussion with the teacher or with each other.

Keywords: *discussion, understanding, readiness, incapable, fixation*

**Мәңгілік заңдылық: үлгі алу, жән сілтеу және
іс – жүзінде қолдану арқылы үйреткен абзал
Ян Амос Каменский**

Мектептегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті оқушылардың жан – жақты танымдық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай алатындай әр оқушыны жеке тұлға ретінде дамытатын дәрежеде құзырлы білім беретін мұғалімнің кәсіптік деңгейін көтеру

қажет. Өйткені баланың бойында қалыптастырылуы тиіс қасиеттер алдымен мұғалімнің өз бойынан табылуы қажет.

Осы мақсатқа сай Кембридж бағдарламасының мәні зор. Әлем бойынша жоғары деңгейге қол жеткізген сан алуан оқыту әдістемелерінің ішінде сындарлы оқыту негізгі орын алып, біздің еліміздің де іргесіне келіп жетті. Сындарлы оқытуға негізделген тәсіл арқылы біліктілік курстарынан өткен алғаш қарлығаштарымыз да еліміздің түкпір – түкпіріне осы теорияның негізгі идеялары мен мақсаттарын жүзеге асыруда.

Мен осы бағдарлама аясында білім алғанымды өзім және мектебім үшін зор мәртебе санаймын. Өйткені алматы қаласындағы «Өрлеу» БАҰО филиалы ҚР ББЖ ҚВАРИ Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілікті артырудың үш айлық курсының Екінші деңгейінен бұл теорияның алғы – шарттарымен танысып, өзімнің педагогикалық іс – әрекетіме жаңаша қарап, ұстанымды өзгертіп, соған қарай көзқарасымды да қалыптасты деп айта аламын. Өзімнің дәстүрлі іс – тәжірибемді әлемнің жеті кереметіне теңеген, озық педагогтар мойындаған, сындарлы оқыту тәсіліне ауыстыра отырып, өзгертуге тиіспіз деп шештім.

Сындарлы оқыту теориясының негізгі мақсаты Қазақстандық мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп, оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мен жаңалықтарын ескере отырып, әлеуметтік сындарлы тұрғыдан оқытуды түсіндіру. Оның маңызы мен мақсатын жай ғана түсініп қоймай, осы бағыттағы жүргізіліп отырған жұмыстардың негізгі мазмұны жеті модульдің мұғалім үшін де және оның оқытып отырған оқушысы үшін де оқыту мен оқудағы жетістікке жетудің тиімді стратегиясы болып табылатындығы. Осыған байланысты еліміздің болашағы зор көркеюі үшін мұғалім сыни тұрғыдан ойлайтын, өзінің жұмыс тәжірибесінде жаңа тәсілдерді қолдана отырып және бағалау әрекеттеріне сыни көзқараста болғаны абзал. Сондықтан дәстүрлі жүйедегі бірсарындылықтан арылып, жаңаға, жаңалыққа қарай өзгеру дұрыс болар.

Сындарлы оқыту технологиясында оқыту мен оқудың негізгі аспектісі, мұғалім өзінің қамқорлығындағы оқушыларды қанағаттандырып, жаңалықтар ашуға жетелеп, белгілі нәтижелерге қол жеткізетіндеріне, өз білімдерін қадағалауға ыңғайлы стратегияларды ұйымдастыра және тиімді пайдалана білетін шебер мұғалім болуы керек.

Оқытушы мен оқушы арасында сындарлы оқудың жаңа тәсілдерінің бірі – сыныптағы диалогтың орын алуы маңызды. Сындарлы оқыту теориясында оқушының бұл әрекеті «метатану» термині арқылы сипатталады.

Сындарлы оқыту теориясының өзіндік ықпалы зор екені қай қырынан қараса да түсінікті. Оқушыларға өз бетімен жұмыс жасауға, өздерін бағалауға, диагностикалауға, шығармашылық табыстарға жетуге мүмкіндік береді. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынас өзара үйлесімділік табуы маңызды.

Жеті модульді ықпалдастыра жүргізуде мұғалім төмендегідей қағидаларды есінде ұстауы қажет:

- Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оны үнемі алға жылжуға деген табиғи талап – тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру;

- Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау;

- Өзі – өзі дамытатын тұлға қалыптастыру;

- Мұғалім баланың бойындағы шығармашылық сапалардың болатындығын мойындап, әрі қарай дамытуы керек;

Ол үшін өзі де өзгеруі, әсіресе дәстүрлі оқытудың стереотиптерінен арылуы қажет.

Міне, осындай күрделі де қызықты бағдарламаны жүзеге асыру біздің басты міндетіміз. К.Д. Ушинский: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтасымен оның мұғалімдігі жойылады» деп бекер айтпаған.

Әр оқушының жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке өзінің дарындылығын, талантын, қабілетін ашуға мұғалімге деген сенімі, ертеңгі күнге деген көзқарасын қалыптастыратын білім саласындағы жаңа серпіліс деуге болады. Бұл теорияда

мінсіз оқушы, құзырлы мұғалім, мәдениет, құндылықтар көзқарас деген ұғымдар бір – бірімен ұштасып жатады.

Оқушы мінсіз болу үшін, оның мұғалімі құзырлы болуы керек, мұғалім құзырлы болу үшін оның ең алдымен ұстанымы, көзқарасы болған жағдайда ғана ол бір шешімге келіп, іс – әрекетке көше алады.

«Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым – қатынас арқылы жүзеге асырылады» дегендей әрбір мұғалім іс – тәжірибесін интербелсенді әдістемелерді, интербелсенді оқу мен оқытудың көптеген жұмыс түрі әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Осы оқудың бағыттарын негізге ала отырып, қазіргі таңда сабақтарымды осы жеті модуль шеңберінде құрастырып, әрбір сабағымда осы модульдердің элементтерін қолдана отырып жүргізудемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.
2. А.Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері»

Жомартова Балжан Бахытжановна
ҚМПИ, Музыкалық бөлім-2 курс студенті
Хамзина Кулшат Бақытжановна
ҚМПИ п.ғ.м., аға оқытушы,
Қостанай қ-сы

ОЙЫН-БАЛА ДАМУЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

АННОТАЦИЯ

Ойын-балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Бала ойын ойнағанда өмірде көрген-білгенін өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып бейнелейді. Ойын арқылы бала білімді-қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикасын жетілдіріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін дамытады, дүниетанымы кеңейіп, мектептегі оқу процесіне қызығушылықпен қарай бастайды.

Түйінді сөздер: Ойын, оқушы, мектеп, оқу үдерісі, еңбек, технология

АННОТАЦИЯ

Игра – главное средство, которое повышает активность ребенка в труде и учебе. Играя, ребенок воспроизводит увиденное в жизни, подражая действиям понравившегося ему человека. Через игру ребенок усваивает знания, общественную практику повышает свою психику, развивает характер поведения, силу воли, расширяется познание окружающего мира, начинает с интересом смотреть на процесс обучения в школе.

Ключевые слова: Игра, ученик, школа, учебный процесс, труд, технология

ABSTRACT

The game - the main tool that increases the activity of the child in work and study. Playing, the child plays seen in my life, imitating his actions понравившегося person. Through play the child assimilated by knowledge, social practice improves your psyche, develops behavior patterns, willpower, knowledge rasshiraetsya okruzhaeshego the world, with interest starting to look at the learning process at school.

Keywords: Game, student, school, learning process, labor, technology

Ойын-балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Бала ойын ойнағанда өмірде көрген-білгенін өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып бейнелейді. Ойын барысында балалардың айналадығы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп, таным белсенділігі арта түседі. Мұғалім ойын ойнауға жағдай туғызумен қатар, баланың ойынға қызығушылығын, белсенділігін үнемі арттырып отыру тиіс. Бала өзара ынтымақтастық жағдайында ойынды өз қалауымен бастауы, не болмаса еркімен қатысуы аса маңызды. Ойын өмірде өте ерте жаста басталып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше